

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

«БЕКІТІЛГЕН»


«Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті» КЕАҚ  
Басқарманың шешімімен  
Хаттама № 3 « 29 »



05 2024 ж.  
проф. Н.О. Дулатбеков

«БЕКІТІЛГЕН»

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы  
Қарағанды университеті» КЕАҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
Хаттама № 5 « 21 » 06 2024 ж.



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**7M01903 - Логопедия**


**Деңгейі: Магистратура**

Қарағанды қ.  
2024

КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ «7М01903-ЛОГОПЕДИЯ»

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қарағанды облысы білім басқармасы  
«№4 Арнайы мектеп-интернат» КММ директоры  
  
Киргизбаева Г.М.  
« 22 » 04 2024 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қарағанды облысы білім басқармасы  
«№5 Арнайы мектеп-интернат» КММ директоры  
  
Смаилова Д.А.  
« 20 » 04 2024 г.

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қарағанды облысы білім басқармасы  
«№6 Арнайы мектеп-интернат» КММ директоры  
  
Кошигулова Б.А.  
« 20 » 04 \* 2024 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қарағанды қ. Түзету-дамыту орталығы «Balpan» ҚК  
«Aqylsana»  
басшысы, құрылтайшы  
  
Турлубекова М.Б.  
« 20 » 04 2024 г.

**«7M01903-Логопедия» білім беру бағдарламасы келесі құжаттар негізінде даярланды:**

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007 ж. 27 шілдедегі № 319-ІІІ бұйрық);
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (2022 ж. 20 шілдедегі ҚР ҒЖЖБМ №2 бұйрығы);
- Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережелері (2018 ж. 20 сәуіріндегі ҚР БЖҒМ № 152 бұйрығы);
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуіші (2018 ж. 13 қазанындағы ҚР БЖҒМ № 569 бұйрығы);
- «Педагог» кәсіби стандарты (2022 ж. 15 желтоқсандағы ҚР ОАМ №500 бұйрығы);
- 16.03.2016ж. ҰБШ әлеуметтік серіктестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттеудің Республикалық үшжақты комиссияның шешімі;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру педагогтарының кәсіби стандарты (профессорлық-оқытушылық құрам) (2023ж. 20 қарашасындағы ҚР ҒЖЖБМ № 591 бұйрығы).

## Мазмұны

№	Бөлім атаулары	Беттер
1	Білім беру бағдарламасының төлқұжаты	5
2	Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	6
3	Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау	7
4	Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	9
5	Сертификаттау бағдарламасы (мінор)	-
6	Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келістіру	14
7	Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	15
8	Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі	18

**Білім беру бағдарламасының төлқұжаты**

<b>№</b>	<b>Параметр атаулары</b>	<b>Сипаттамасы</b>
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	7M01903 - Логопедия
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі, дайындық бағыттары	7M01Педагогикалық ғылымдар, 7M019 Арнайы педагогика
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	M021 Арнайы педагогика
4	Кредиттер көлемі	120
5	Оқу түрі	күндізгі
6	Оқу тілі	қазақ, орыс
7	Берілетін академиялық дәреже	педагогика ғылымдарының магистрі
8	Білім беру бағдарламасының түрі	жаңа
9	Білім берудің халықаралық стандартты жіктемесі (ББХСЖ) деңгейі	7 деңгей
10	ҰБШ бойынша деңгей	7 деңгей
11	СБШ бойынша деңгей	7 деңгей
12	ББ-ның ерекше белгілері:	жаңа
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	28.07.2020 ж. қосымша 016 № KZ83LAA00018495
14	Аккредиттеу ұйымының атауы және ББ аккредиттеудің қолданылу мерзімі	-
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	«Логопедия» бағыты бойынша ғылыми-зерттеу және түзету-педагогикалық қызметті жүзеге асыруға қабілетті жаңа формациядағы маманды даярлау
16	Бітіруші-түлектің біліктілігінің сипаттамасы	
а)	Бітіруші-түлек лауазымдарының тізбесі	логопед, логопед-мұғалім, оқытушы, әдіскер
б)	Бітіруші-түлектің кәсіби қызметінің саласы мен объектілері	Жоғары білім; орта кәсіптік білім; қосымша білім; арнайы (түзету) білім беру және денсаулық сақтау ұйымдары; ғылыми-зерттеу мекемелері
в)	Бітіруші-түлектің кәсіби қызметінің түрлері	ғылыми-зерттеу; оқытушылық; ұйымдастырушылық-тәрбиелік; консультациялық-диагностикалық және профилактикалық; түзету-дамыту;

		<p>жобалау;  әлеуметтік-педагогикалық;  мәдени-ағартушылық;  ұйымдық-басқарушылық</p>
г)	<b>Бітіруші-түлектің кәсіби қызметінің функциялары</b>	<p><i>білім берушілік</i> – оқу ақпаратын таратуға, қажетті білімді, дағдыларды өз бетінше іздеуге үйретеді, білім алушылардың қажетті коммуникативтік құзыреттілігін ескере отырып, оқу сабақтарын құрастырады, жаңартылған білім беру мазмұны шеңберінде талап етілетін оқытудың жаңа технологияларын пайдаланады;</p> <p><i>тәрбиелеушілік</i> - білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне енгізеді, педагогикалық әдепті, педагогикалық әдеп ережелерін сақтайды, білім алушылардың жеке-жеке қасиеттеріне құрмет көрсетеді, Қазақстан Республикасының көпұлтты ерекшелігі мен басымдықтарын ескере отырып, тәрбие процесін құрады және т.б.;</p> <p><i>әдістемешілік</i> – білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады, өзінің біліктілігін арттыруды жоспарлайды, әдістері мен тәсілдерін айқындайды, сабақтың берілген мақсаттарына сәйкес оқу материалдарын әзірлейді және т.б.;</p> <p><i>зерттеушілік</i> – білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделейді, көпмәдениетті білім беру ортасын зерттейді, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін диагностикалау нәтижелерін пайдаланады;</p> <p><i>әлеуметтік-коммуникативті</i> – кәсіби қоғамдастықпен және білім берудің барлық мүдделі тұлғаларымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, білім беру стейкхолдерлерін біріктіретін инновациялық идеяларды бастамашылық етеді және енгізеді және т.б.</p>

## Құзыреттілік негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрлері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары мен жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Қазіргі заман тарихы мен ғылым философиясының, жоғары білімнің, басқару психологиясының зерттелетін салаларында үнемі дамудағы білімдер мен түсініктерді көрсетеді.
	ОН 2	Шет тілдегі қарым-қатынаста өзінің білімін, түсінігі мен қабілеттерін үйренген тілдік құралдар мен қарым-қатынас стратегияларын дұрыс пайдалана отырып, кәсіби деңгейде қолданады.
	ОН 3	Нормативтік құқықтық актілерге және кәсіби этикаға сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру саласындағы қайта жаңғыртуды, реформаларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпарат жинақтайды және түсіндіреді.
	ОН 4	Жоғары оқу орындарында оқытудың, оқыту әдістемесін кемелдендірудің және логопедті кәсіби және тұлғалық даярлаудағы инновациялық тәсілдерді көрсетеді.
2. Сандық құзіреттілік: (Digital skills)	ОН 5	Ақпараттық технологиялардың интеграциясы туралы білімдерді көрсетеді, логопед даярлау жүйесінде педагогикалық инноватиканың жаңа идеяларын тудырады
	ОН 6	Білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарында дамудың кешенді патологиясы бар тұлғаларда сөйлеу бұзылыстарын диагностикалау, түзету және алдын алу бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен басқарудың ерекшеліктерін ескереді
	ОН 7	Әр түрлі жастағы тұлғаларда тілдік және тілдік емес функцияларын қалпына келтіруге бағытталған түзету сабақтарын өткізу әдістерін көрсетеді; әлеуметтік бейімдеу бойынша түрлі іс-шаралар кешенін әзірлейді
	ОН 8	Мидың органикалық зақымдануынан кейін қалпына келтіре оқыту әдістемесін және мамандардың кешенді өзара іс-әрекеті кезінде түзету-педагогикалық әдістерді жүзеге асырады
	ОН 9	Әртүрлі ұйымдастырушылық жағдайларда ауыр тілдік кемістігі (АТБ) бар тұлғалармен жұмыс істеу үшін түзету-дамыту және логопедиялық бағдарламаларды жобалау мен іске асыру технологияларын енгізеді
	ОН 10	Ауыр тілдік кемістігі бар балаларға логопедиялық көмек көрсетеді (дәрігердің қатысуымен және бақылауымен), мектепке бейімделудегі қиындықтарды жеңудің тиімді технологияларын таңдайды,
	ОН 11	Коммуникативтік лингвистика тұрғысынан ана тілі сабақтарында кәсіби тілдік қарым-қатынас мәдениетіне үрету әдістемесін қолданады

Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)
ОН 1	Әлеуметтік-гуманитарлық білімдердің философиялық-тарихи аспектілері	Ғылым тарихы мен философиясы	4
ОН 1		Жоғары мектеп педагогикасы	4
ОН 1		Басқару психологиясы	4
ОН 1		Педагогикалық практика	4
ОН 2	Кәсіби тілдер және ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) тұлғалардың және білім берудің өзекті мәселелері	Шет тілі (кәсіби)	4
ОН 3		Арнайы және инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі Ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) бар тұлғаларға білім берудің заманауи тенденциялары	5
ОН 4	Логопедтің түзету-педагогикалық қызметіндегі технологиялар ақпараттық	Логопед-мұғалімнің кәсіби-жеке тұлғалық даярлығы	5
ОН 4		Жоғары мектепте кәсіптік пәндерді оқытудың инновациялық әдістері	
ОН 5		Логопедиялық жұмыс жүйесінде оқытудың ақпараттық технологияларын интеграциялау	5
ОН 5		Логопедті даярлау жүйесіндегі педагогикалық инноватика	
ОН 6	Қазіргі логопедиядағы ғылыми танымның әдіснамасы мен әдістемесі	Логопедиядағы ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі	5
ОН 6		Кешенді даму патологиясы бар тұлғаларда сөйлеу бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау, түзету және алдын алу	5
ОН 6		Нейрореабилитация жүйесіндегі логопедиялық жұмыс	4
ОН 8	Түзету-логопедиялық процесті іске	Ауыр тілдік бұзылыстарды (АТБ) түзету технологиялары	5
ОН 8		Афазия. Өртүрлі формалардағы тілдік және тілдік қызметерді қалпына келтіру бойынша логопедиялық жұмыс	
ОН 8		Ауыр тілдік бұзылыстары (АТБ) бар тұлғаларды сүйемелдетін мамандардың өзара кешенді әрекеттесуі Мидың органикалық зақымдануынан кейінгі қалпына келтіре оқыту әдісі	5



ОН 9	асыру технологиялары	Әртүрлі ұйымдастырушылық жағдайлардағы логопедиялық жұмыс	5
		Ауыр тілдік бұзылыстары (АТБ) бар балалармен жұмысқа түзету-дамыту бағдарламаларын жобалау	
ОН 10		Денсаулық сақтаудағы логопедиялық көмек жүйесі	5
		Ауыр тілдік бұзылыстары (АТБ) бар балалардың оқу іс-әрекеттеріне дайындығын қалыптастыру технологиялары	
ОН 11		Тіл жүйесінің компоненттерін зерттеу теориясы мен әдістемесі	5
		Логопедтің кәсіби қызметіндегі лингвистика	
ОН 6,7,8,9,10,11			Зерттеу тәжірибесі
ОН 6,7,8,9,10,11	Ғылыми-зерттеу жұмысы	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамадан өту және магистрлік диссертацияны (МҒЗЖ) орындау	24
ОН 6,7,8,9,10,11	Қорытынды аттестация	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау	8

## Оқу нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

№ р/с	Пәндер атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-40 сөз)	Кредит ер саны	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10
<b>Базалық пәндер циклі ЖОО компоненті</b>													
D1	Ғылым тарихы мен философиясы	Ғылыми білімнің оның дамуға бейімділігі мен өзгеріп отыратын әлеуметтік-мәдени бейіні туралы білімді қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Философия, ғылым әдіснамасы, ғылым танымдық қызмет және дәстүр ретінде, әлеуметтік институт және қазіргі өркениеттегі мәдениеттің ерекше саласы ретінде қарастырылады.	4	+									
D2	Жоғары мектеп педагогикасы	Жоғары білімнің қазіргі парадигмасы және жоғары мектептегі ғылыми қызмет теориясы туралы идеяларды қалыптастыру мақсатында зерттеледі. Педагогика, кәсіби мамандарды тәрбиелеу, білім беру ұйымдарында оқытудың кәсіби дағдылары, жоғары мектепте педагогикалық бақылау және білімді бағалау туралы сұрақтар қарастырылады.	4	+									
D3	Басқару психологиясы	Басқарушылық қызметтің психологиялық заңдылықтары, менеджер қызметінің құрылымында әлеуметтік-психологиялық білімді қолдану ерекшеліктері, тиімді басқарудың негізінде жатқан әлеуметтік-психологиялық принциптерді талдау дағдылары, басқару психологиясының теориялық ережелері мен өзекті мәселелері; басқару психологиясының ерекшеліктері; менеджердің жеке ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында зерттеледі.	4	+									
D4	Педагогикалық практика	Педагогикалық практика процесінде магистранттар жоғары оқу орнындағы білім беру процесінің логикасы мен мазмұнымен, ЖОО-дағы ғылыми және оқу-әдістемелік жұмысымен, оқытушының педагогикалық қызметінің ерекшеліктерімен, жоғары мектепте оқытудың инновациялық технологияларымен танысады, студенттермен тәрбие жұмысының ерекшеліктерін, өздерінің кәсіби "Мен" даму ерекшеліктерін зерделейді	4	+									
D5	Шет тілі (кәсіби)	Кәсіби қарым-қатынас жағдайларында тиімді қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін сөйлеу, оқу, жазу және тыңдау дағдыларын қалыптастыру, түрлі салалар бойынша мамандандырылған әдебиеттермен жұмыс істеу, мамандық бойынша мәтіндерді жазбаша аудару, кәсіби қарым-қатынас жағдайларында екіжақты ауызша аудару мақсатында зерделенеді.	4	+	+								

Базалық пәндер циклі												
Таңдау бойынша компонент												
D6	Арнайы және инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық қамтамасыз етілуі	Курс ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) бар тұлғалардың құқығын бекітетін халықаралық құқықтық актілер туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. ЕББҚ бар тұлғалардың білім алу құқықтарын қамтамасыз етуге, ҚР арнайы және инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасына үлес қосатын халықаралық ұйымдар туралы мәселелер қаралады	5				+					
	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) тұлғаларға білім берудің заманауи тенденциялары	Курс кемістіктің ауырлығына, бұзылыс құрылымының күрделілігіне, бұзылыс деңгейіне, қалыпты дамып келе жатқан құрбыларының ортасына интеграциялауға (инклюзия) дайындығы деңгейіне байланысты ЕББҚ бар балалармен инклюзивті білім беруді ұйымдастыру процесінде интеграцияның формасын таңдай білу қабілетін қалыптастыру мақсатында оқытылады					+					
D7	Логопед-мұғалімнің кәсіби-жеке тұлғалық даярлығы	Курс логопед-мұғалімнің кәсіби-тұлғалық дайындығы, ерекше еңбек функциялары туралы білімді: балаларды тексерудегі диагностикалық және бұзушылықтардың түрін анықтау, даму кемшіліктерін жою немесе оларға арнайы логопедиялық шаралар жүйесін жүзеге асыруда түзету жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5				+	+				
	Жоғары мектепте кәсіптік пәндерді оқытудың инновациялық әдістері	Курс жоғары білім берудің теориялық және әдістемелік негіздері, құқықтық және ұйымдастырушылық негіздері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Жоғары оқу орындарында кәсіптік пәндерді оқытудың инновациялық әдістері, жоғары оқу орындарында кәсіптік-бағдарлы білім беруді жобалау және ұйымдастыру технологиялары туралы сұрақтар қарастырылады.					+	+				
D8	Логопедиялық жұмыс жүйесінде оқытудың ақпараттық технологияларын интеграциялау	Курс логопедиялық жұмыс жүйесінде ақпараттық технологияларды интеграциялау, ақпаратты талдау және синтездеу тәсілдері, ғаламдық компьютерлік желілерде ақпаратпен жұмыс істеу тәсілдері, ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕББҚ) бар тұлғалардың компьютермен жұмысын қауіпсіз ұйымдастыру негіздері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады	5				+	+				
	Логопедті даярлау жүйесіндегі педагогикалық инноватика	Курс педагогикалық инноватиканың проблемалық және тұжырымдамалық өрісі, білім беру саласындағы инновациялық процестер, инновациялық қызметті жобалау, оқытудағы және тәрбиедегі инновациялар, логопедтің, инновациялық қызметіндегі мониторингі туралы түсініктерді қалыптастыру мақсатында оқытылады						+				

<b>Бейіндік пәндер циклі</b>													
<b>ЖОО компоненті</b>													
D9	Логопедиядағы ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен әдістемесі	Курс зерттеудің жаңа әдістерін өз бетінше үйрену, кәсіби қызметте ғылыми-педагогикалық зерттеудің эксперименталды және теориялық әдістерін қолдану, ғылыми зерттеудің нәтижелерін талдау мен оларды нақты білім беру және зерттеу міндеттерін орындауды пайдалану, ғылыми-әдістемелік жұмысты орындау, ұсыныстар құрастыру дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады	5								+		
D10	Кешенді даму патологиясы бар тұлғаларда сөйлеу бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау, түзету және алдын алу	Курс күрделі патологиясы бар тұлғалардың сөйлеу тілі бұзылыстарын дифференциалды диагностикалау, алдын алу, түзету үшін заманауи технологияларды қолдану қабілетін қалыптастыру, сөйлеу тілі бұзылған балалардың ата-аналарына түзету жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу бойынша кеңес беру мақсатында оқытылады.	5								+		
D11	Нейрореабилитация жүйесіндегі логопедиялық жұмыс	Курс нейрореабилитация жүйесінде логопедиялық жұмысты ұйымдастырудағысын қалыптастыру мақсатында оқытылады. «Нейрореабилитация» ұғымы, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінде логопедиялық көмек көрсетудің құқықтық негіздері, сөйлеу тілі бұзылған тұлғалардың жынысы мен жасына байланысты психологиялық-педагогикалық диагностикасы, нейрореабилитациядағы отбасының рөлі қарастырылады.	4								+		
<b>Бейіндік пәндер циклі</b>													
<b>Таңдау компоненті</b>													
D12	Ауыр тілдік бұзылыстарды (АТБ) түзету технологиялары	Курс балаларда бар тілдік ақаулардың ауырлығын анықтау, сөйлеу дамуындағы ауытқуларды барынша түзетуге бағытталған сабақтарды жоспарлау және өткізу, жеке және топтық сабақтарды жүргізу, мұғалімдермен, ата-аналармен, оқушылардың заңды өкілдерімен тығыз байланыста жұмыс істе білу қабілетін қалыптастыру мақсатында оқытылады	5									+	+
	Афазия. Өртүрлі формаларында сөйлеу және сөйлеуден тыс функцияларды қалпына келтіру бойынша логопедиялық жұмыс	Курс сөйлеудің дамымауын диагностикалау, себептерін анықтау, бас миының органикалық зақымдануы бар науқастардың сөйлеуін қалпына келтіру әдістерін қолдану, сөйлеу патологиясы бар және психикалық дисфункциясы бар науқастардың жазбаша сөйлеу бұзылыстарын түзету және нейрореабилитациялау жұмыстарын жүргізу дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады.									+	+	
D13	Ауыр тілдік бұзылыстары (АТБ) бар тұлғаларды	Курс түзету-дамыту жұмысының жеке бағдарламасын құру, бағдарламаны іске асыруға байланысты мәселелерді алқалы										+	+

	сүйемелдетін мамандардың өзара кешенді әрекеттесуі	түрде қарау, баланың және оның отбасының оңалту әлеуетін анықтау, ауыр тілдік бұзылыстары (АТБ) бар тұлғаларды кешенді сүйемелдеудің барлық қатысушыларына кеңес беру дағдысын қалыптастыру мақсатында оқытылады	5																
	Мидың органикалық зақымдануынан кейінгі қалпына келтіре оқыту әдісі	Курс ауызша экспрессивті сөйлеуді қалпына келтіру әдістемесін қолдану, сөйлеуді түсінудің бұзылуын, жазудың бұзылуын түзету және афатикалық бұзылулар құрылымында оқу функциясын қалпына келтіру, акалькулия кезінде есептеуді қалпына келтіру, апраксиядағы клиникалық-психологиялық оңалтуды жоспарлау қабілеттерін қалыптастыру мақсатында оқытылады																	
D14	Әртүрлі ұйымдастырушылық жағдайлардағы логопедиялық жұмыс	Курс диагностикалық іс-шараларды жүргізу, түзету жұмыстарының бағдарламаларын жоспарлау, іске асыру, мектепке дейінгі және жалпы білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау ұйымдарында ата-аналармен өзара іс-қимыл процесінде ауыр тілдік бұзылыстары (АТБ) бар балалардағы сөйлеу бұзылыстарын анықтау тәжірибесін қалыптастыру мақсатында оқытылады	5																
	Ауыр тілдік бұзылыстары (АТБ) бар балалармен жұмысқа түзету-дамыту бағдарламаларын жобалау	Курс түзету-дамыту бағдарламаларын жобалау, ауыр тілдік бұзылыстары (АТБ) бар балалармен жұмыс істеу үшін тұлғаға бағытталған түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу, ауыр тілдік бұзылыстары бар балаларға кеңес беру және сүйемелдеу, білім беру-түзету жұмысының жоспарланған нәтижелерінің тиімділігіне қол жеткізуді мониторингілеу және бағалау мақсатында оқытылады.																	
D15	Денсаулық сақтаудағы логопедиялық көмек жүйесі	Курс халыққа логопедиялық көмек, функционалдық және органикалық сөйлеу бұзылыстары бар әртүрлі жастағы тұлғаларды емдеу сапасын арттыру біліктіліктерін қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мамандандырылған көмекті дамыту бағыттары, қалпына келтіру емдеу бөлімшелері бар балалар емханалары мен психоневрологиялық диспансерлерде логопедиялық кабинеттер желісін кеңейту мәселелері қарастырылады	5																
	Ауыр тілдік кемістігі (АТК) бар балалардың оқу іс-әрекеттеріне дайындығын қалыптастыру технологиялары	Курс ауыр тілдік бұзылыстары (АТБ) бар балалардың оқу іс-әрекетіне дайындық технологияларын қолдану қабілетін қалыптастыру және физиологиялық дайындық мәселелерін, бала ағзасының негізгі функционалдық жүйелерінің даму деңгейлерін және оның денсаулық жағдайын, мектепте оқуға бейімделулеріндегі қиындықтарды білу мақсатында оқытылады.																	
D16	Тіл жүйесінің компоненттерін зерттеу	Курс тілдік жүйенің компоненттерін зерттеу, ана тілін, кәсіби және сөйлеу мәдениетін оқыту әдістемесін қолдану қабілетін	4																

	теориясы мен әдістемес	қалыптастыру мақсатында оқытылады. "Сөйлеу әрекеті" ұғымы, жүйелілік, функционалдылық, коммуникативтілік принциптері және сөйлеудегі тіл жүйесінің жұмыс істеу заңдылықтары туралы сұрақтар қарастырылады													
	Логопедтің кәсіби қызметіндегі лингвистика	Курс тіл туралы білімді қалыптастыру, тілдің ерекшелігі, жүйе мен құрылым ұғымын саралау, тіл бірлігінің құрылымы, тілдік белгілердің айырмашылығы, тілдік деңгей және оның бірлігі, тіл мен сөйлеу құбылыстарының айырмашылығын ұғындыру мақсатында оқытылады. Кәсіби практикалық мәселелерді шешу үшін лингвистикалық талдау мәселелері қарастырылады.													+
D17	Зерттеу тәжірибесі	Зерттеу іс-тәжірибесі тиісті пәндік саладағы объектілерді зерттеудің теориялық және эксперименттік әдістері, ғылыми зерттеулер жүргізу әдістемесі туралы білімді бекітеді. Ғылыми және эксперименттік нәтижелерді өңдеу және ғылыми-зерттеу жұмысын, оның өзектілігін, ғылыми жаңалығын, практикалық маңыздылығын талаптарға сәйкес орындау дағдыларын қалыптастырады.	14						+	+	+	+	+	+	+
<b>Оқытудың қосымша түрлері</b>															
D18	Магранттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағылымдамадан өту және магистрлік диссертацияны (МҒЗЖ) орындау	Магранттың ғылыми-зерттеу жұмысы оның өзектілігінің, ғылыми жаңалығының және практикалық маңыздылығының талаптарына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмысын орындауға дайындау; баяндамалар, жарияланымдар, есептер дайындау болып табылады	24						+	+	+	+	+	+	+
<b>Қорытынды аттестаттау</b>															
D19	Қорытынды аттестаттау	Диссертацияны қолданыстағы мемлекеттік стандартқа және магистрлік зерттеу орындалатын кафедраның ұсынымдарына сәйкес ресімдеу; мәтіндік құжаттың түпнұсқалығын бақылау; алдын ала қорғаудан өту; баяндама дайындау, құрастыру және электрондық презентация дайындау; магистрлік диссертацияны қорғау	8						+	+	+	+	+	+	+

## Оқытудың жоспарланған нәтижелерін оқыту және бағалау әдістерімен келісу

Оқыту нәтижелері	Модуль бойынша оқытудың жоспарланған нәтижелері	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН 1	Қазіргі заман тарихы мен ғылым философиясының, жоғары білімнің, басқару психологиясының зерттелетін салаларында үнемі дамудағы білімдер мен түсініктерді көрсетеді.	жағдаяттық талдау (case-study)	сұхбаттасу
ОН 2	Шет тілдегі қарым-қатынаста өзінің білімін, түсінігі мен қабілеттерін үйренген тілдік құралдар мен қарым-қатынас стратегияларын дұрыс пайдалана отырып, кәсіби деңгейде қолданады.	пікірталас	Фокус-топтар
ОН 3	Нормативтік құқықтық актілерге және кәсіби этикаға сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған білім беру саласындағы қайта жаңғыртуды, реформаларды ескере отырып, пайымдауларды қалыптастыру үшін ақпарат жинақтайды және түсіндіреді.	жобалық оқыту	презентациялар
ОН 4	Жоғары оқу орындарында оқытудың, оқыту әдістемесін кемелдендірудің және логопедті кәсіби және тұлғалық даярлаудағы инновациялық тәсілдерді көрсетеді.	миға шабуыл (brainstorm)	реферат эссе жазу
ОН 5	Ақпараттық технологиялардың интеграциясы туралы білімдерді көрсетеді, логопед даярлау жүйесінде педагогикалық инноватиканың жаңа идеяларын тудырады	миға шабуыл	топпен жұмыс
ОН 6	Білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау ұйымдарында дамудың кешенді патологиясы бар тұлғаларда сөйлеу бұзылыстарын диагностикалау, түзету және алдын алу бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру мен басқарудың ерекшеліктерін ескереді	дөңгелек үстел	портфолио
ОН 7	Әр түрлі жастағы тұлғаларда тілдік және тілдік емес функцияларын қалпына келтіруге бағытталған түзету сабақтарын өткізу әдістерін көрсетеді; әлеуметтік бейімдеу бойынша түрлі іс-шаралар кешенін әзірлейді	пікірсайыс	сауалнама
ОН 8	Мидың органикалық зақымдануынан кейін қалпына келтіре оқыту әдістемесін және мамандардың кешенді өзара іс-әрекеті кезінде түзету-педагогикалық әдістерді жүзеге асырады	конференция	блок-схеманы құру
ОН 9	Әртүрлі ұйымдастырушылық жағдайларда ауыр тілдік кемістігі (АТБ) бар тұлғалармен жұмыс істеу үшін түзету-дамыту және логопедиялық бағдарламаларды жобалау мен іске асыру технологияларын енгізеді	модерация әдісі	сұхбаттасу
ОН 10	Ауыр тілдік кемістігі бар балаларға логопедиялық көмек көрсетеді (дәрігердің қатысуымен және бақылауымен), мектепке бейімделудегі қиындықтарды жеңудің тиімді технологияларын таңдайды,	миға шабуыл	топпен жұмыс
ОН 11	Коммуникативтік лингвистика тұрғысынан ана тілі сабақтарында кәсіби тілдік қарым-қатынас мәдениетіне үрету әдістемесін қолданады	жобалық оқыту	презентациялар

## Оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлері
ОН 1	Ғылым философиясы мен тарихының мәнісі мен мазмұнын сипаттайтын ұғымдық-терминологиялық аппаратты <b>біледі</b> Адекватты психологиялық әдістер мен әдістемелерді қолдана және заманауи жоғары мектеп өкілдерінің индивидуалды стильдік ерекшеліктерін <b>талдай алады</b>
ОН 2	Шет тіліндегі қарым-қатынаста өзінің білімін, түсінігі мен қабілеттерін үйренген тілдік құралдар мен қарым-қатынас стратегияларын дұрыс пайдалана отырып, кәсіби деңгейде қолданады.
ОН 3	Арнайы және инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасын <b>біледі</b> Ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ) бар тұлғаларға білім беруді дамытудың әлемдегі негізгі тенденцияларын және дамыған жетекші елдердің білім беру жүйесіндегі модернизация бағыттарына <b>талдау жасай алады</b>
ОН 4	Білім беру процесінде заманауи ақпараттық технологияларды <b>қолдана алады</b>
ОН 5	ЖОО-да білім беру процесін жобалау және ұйымдастыру, білім беру жүйесі үшін мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету <b>білігін меңгерген</b>
ОН 6	Логопедия саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруды <b>біледі</b> Психологиялық-педагогикалық тексеру және нейрореабилитация, сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғалардың ата-аналарына кеңес беру технологияларын <b>меңгерген</b>
ОН 7	Афазияның физиологиялық себептерін, афазияның түрлерін, диагностикалық әдістерді және нәтижелерді түсіндіру жолдарын <b>біледі</b> Сөйлеу тіліндегі бұзылулардың ауырлық дәрежесін <b>анықтай алады</b>
ОН 8	Мамандардың ауыр тілдік кемістігі (АТБ) бар тұлғаларды сүйемелдеуіндегі кешенді іс-қимыл алгоритмін <b>біледі</b> Миды органикалық зақымданудан кейін қалпына келтіре оқыту әдістемесін <b>меңгерген</b>
ОН 9	Әртүрлі ұйымдастырушылық жағдайларда логопед қызметін ұйымдастыру жүйесін <b>біледі</b> Ауыр тілдік кемістігі бар балалармен жұмыс істеу үшін түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу тәсілдерін <b>меңгерген</b>
ОН 10	Ауыр тілдік бұзылысы (АТБ) бар балалардың мектепте оқуға «дайындығы» ұғымының мазмұнын <b>біледі</b> Функционалдық және органикалық сөйлеу бұзылыстары бар әртүрлі жастағы тұлғаларға көмек <b>көрсете алады</b>
ОН 11	Тілдік құбылыстардың аспектілерін <b>біледі</b> Кәсіби практикалық мәселелерді шешу үшін лингвистикалық талдауды <b>меңгерген</b>



## Білім беру бағдарламасы түлегінің моделі

**Түлектің оқу нәтижелері мен құзыреттіліктері негізінде атрибуттары әзірленді:**

Атрибуттар:

Арнайы педагогика саласындағы жоғары кәсібилік

Белсенді дүниетанымдық және өмірлік ұстаным

Мәдени дамудың жоғары деңгейі

Психологиялық (моральдық) тұрақтылық және креативті (шығармашылық)

Ұйымдастырушылық қабілеттер мен қарым-қатынас

Көмек көрсетуге қызығушылық

Төзімділік; сүйемелдеу (эмпатия)

Сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғаларға кәсіби адалдық пен құрмет көрсету

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттердің сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары мен жеке қасиеттер: (Softskills)	-өзінің зияткерлік және жалпы мәдени әлеуетін жетілдіру және дамыту, жеке басының адамгершілік жетілуіне қол жеткізу қабілеті; - жаңа зерттеу әдістерін өз бетінше үйренуге, өзінің кәсіби қызметінің ғылыми профилін өзгертуге, қызметтің әлеуметтік-мәдени және әлеуметтік жағдайларын өзгертуге дайын болу; - іскерлік қарым-қатынас құралы ретінде ана және шет тілдерін еркін пайдалана білу
2. Сандық құзыреттер (Digital skills)	-ақпараттық технологиялардың көмегімен жаңа білім мен дағдыларды өз бетінше меңгеру және тәжірибелік әрекетте, оның ішінде қызмет саласына тікелей қатысы жоқ жаңа білім салаларында қолдану, өзінің ғылыми көзқарасын кеңейту және тереңдету қабілеті; - түзету және оқу-тәрбие процесін оңтайландыру мақсатында ақпараттық технологияларды дамыту мүмкіндігі
3. Кәсіби құзыреттіліктер (Hardskills)	-жасқа сай дамудың әртүрлі кезеңдерінде логопедияның жеке медициналық-педагогикалық бағдарламаларын әзірлеуге және енгізуге дайындық; - денсаулық сақтау қызметкерлерімен бірлесе сөйлеу тілінің бұзылысына терең диагностикасын жүргізу мүмкіндігі - инновациялық технологияларды пайдалана отырып, сөйлеу қабілеті бұзылған тұлғаларды сауықтыру, оналту, әлеуметтік бейімдеу, зерттеу, жобалау, білім беру процесстерін іске асыру қабілеті.

**Әзірлеушілер:**

Жұмыс тобының мүшелері:

Арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының меңгерушісі

Арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасы профессордың ассистенті

Арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының аға оқытушысы



Рымханова А.Р.

Боброва В.В.

Садвакасова Н.А.

Арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының аға оқытушысы  
7М01901-Дефектология ББ 2 курс магистранты  
Қарағанды обл. ББ КММ «№5 арнайы мектеп-интернат» директордың  
ОТІ бойынша орынбасары

 Кударина А.С.  
Алпысбаева А.Б.  
Скуридова Е.А.

Білім беру бағдарламасы факультет кеңесінде қаралды 18.04.2024 хаттама № 7  
Білім беру бағдарламасы Ғылыми Кеңес отырысында қаралды 23.04.24 хаттама № 5  
Білім беру бағдарламасы Басқарма Кеңесінің отырысында қаралды және бекітілді 24.05.24 хаттама № 8

Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор  
Академиялық жұмыс департаментінің директоры  
Педагогикалық факультет деканы



М.М. Умуркулова  
Т. М. Хасенова  
С.А. Муликова

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ**  
7М01903 - Логопедия

Жоспардың мақсаты – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі ғылым жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру шарттарының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

**Мақсатты көрсеткіштер**

№	Көрсеткіштер	Бірлік өлшемдері	2024-2025 (жоспар)	2025-2026 (жоспар)	2026-2027 (жоспар)	2027-2028 (жоспар)
<b>1</b>	<b>Адам ресурстарын дамыту Кадрлық әлеуетті дамыту</b>					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	2	2	1	1
1.2	Педагогикалық қызмет саласындағы біліктілікті арттыру	Адам саны	10	10	10	10
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны	1	1	1	1
<b>2</b>	<b>ББ рейтингісін көтеру</b>					
2.1	Білім сапасын қамтамасыздандыру бойынша тәуелсіз агенттігі (IQAA)	Позиция	10	8	6	5
2.2	Тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігі (IAAR)	Позиция	-	-	-	-
2.3	Атамекен	Позиция	10	8	6	5
<b>3.</b>	<b>Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электронды ресурстарды әзірлеу</b>					
3.1	Оқулықтар	Саны	-	1	-	1
3.2	Оқу құралдары	Саны	1	1	1	1
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны	-	1	-	1
3.4	Электронды оқулық	Саны	1	1	1	1
3.5	Видео/аудиодәріс	Саны	1	2	2	2
<b>4.</b>	<b>Оқу және зертханалық базаны дамыту</b>					
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны	-	1	1	1
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны	-	1	1	1

4.3	Басқа	Саны				
<b>5.</b>	<b>ББ мазмұнын өзектендіру/жаңарту</b>					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылыми жетістіктерді, кәсіби стандарттарды ескере отырып, оқу нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту	Жыл	+	-	-	-
5.2	ББ шет тілдерінде оқу пәндерін енгізу *	Жыл	-	-	-	-
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу	Жыл	+	+	+	+
5.4	ББ бірлескен/қос дипломдық бағдарлама ашу	Жыл	-	-	-	+

Арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының меңгерушісі



Рымханова А. Р.